

«Балдәурен» МКҚК МДҰ

2024-2025 оқу жылында «Балдәурен» МДҰ –да ҚР оқу-ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі , орта білімнен кейінгі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарының қажеттіліктері ескеріліп, ата-аналарға арналған консультациялық пункт отырысының

Анықтама

Қатысқаны: 4

Күні: 16.05.2025 ж

Қатыспағаны:

Тақырыбы: Саусақ жаттығуының маңызы

Тыңдалды:

«Балдәурен» МДҰ психолог Сағынбаева М.Қ сөз алды:

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Саусақ жаттығуының маңызы зор екенін білеміз. Саусақ жаттығуларының бала дамуна тигізетін оң әсері көп. Саусақ жаттығулары баланың ұсақ қол моторикасын, сөйлеу қабілетін, ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сол үшін қазір үй жағдайында қол жетімді санағыш таяқшаларымен практикалық жаттығулар көрсететін боламын.

«Балдәурен» МДҰ ата-анасы Трубкулова С.К сөз алды: Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі тақырып ата-аналар үшін тиімді, өте қызықты деп айта аламын. Саусақ жаттығулары арқылы балаларымызға саусақ жаттығуларын дамыта отыра зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамытудағы маңызды екенін білеміз.

Балдәурен» МДҰ ата-анасы Тажгулова А.А сөз алды: Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі тақырып саусақ жаттығуларының бала дамуына тигізетін оң әсері өте көп. Үйде, балабақшада саусақ жаттығуларымен ойындарды көп ойнаса балаларымызда шығармашылық қабілеті артып, сөйлеу тілі жетіледі деп айта аламын.

Балдәурен» МДҰ ата-анасы Бектибаева Б.А сөз алды: Бүгінгі тақырып мағанда ұнады. Саусақ жаттығулары арқылы балаларымыздың ойлау қабілеті тез дамып, сөйлеу тілі тез жетіледі деп сенімді айта аламын.

Балдәурен» МДҰ ата-анасы Досжанқызы Бибіғайша сөз алды: Бүгінгі отырыста теориялық мағлұматтарды алып, практикалық жүйеді үйрендік. Сонымен қатар үй жағдайында да қолдануға болатын тиімді саусақ жаттығуларын меңгердік.

«Балдәурен» МДҰ

басшысының м.у.а:

Хатшы:

Ж.Қ.Мырзабек

М.Қ.Сағынбаева

«Балдәурен» МДҰ

*Саусақ жаттығуының
маңызы*

Психолог: Сағынбаева М.Қ

2024-2025 оқу жылы

Баланың тілін дамытуда саусақ ойындарының маңызы

Сөйлеу мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қажет етеді. Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Балалардың сөздік қорларын дамытуда саусақ ойындары үлкен нәтиже береді. Саусақ ойындары арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақтарының қимыл қозғалысына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады.

